

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту
министрлігіҚазақстан Республикасы Оқу-
ағарту министрінің 2023 жылғы 4
қазандағы № 304 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2023
жылғы 4 қазанда № 33501 болып
тіркелді

Министерство просвещения Республики Казахстан

Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;
- 4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
- 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан
Республикасы Оқу-ағарту министрі

Г.
Бейсембаев

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

«АЛТЫН БЕЛГІ» БЕЛГІСІНЕ ҮМІТКЕРЛЕР

Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты ҚР БҒМ-нің № 125 бұйрығының 52 және 54 тармақтарына сәйкес беріледі



- ▶ негізгі орта білім туралы үздік аттестат алуы;
- ▶ 5 сыныптан 11 сыныпқа дейінгі оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5» болуы;
- ▶ 10 -11 сынып аралығында тоқсандық бағалары «5» болуы;
- ▶ жалпы орта білім беру аяқталғаннан кейін қорытынды аттестаттаудан «5» бағасына өткен;
- ▶ негізгі орта білім туралы үздік аттестат алған, оқу кезеңінде 5-11 сыныптарда барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалар, 10-11 аралығындағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалар «5» болған, №125 бұйрықтың 50-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қорытынды аттестаттаудан босатылған (халықаралық олимпиадаларға (жарыстарға) қатысу үшін Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасына үміткер болып табылатын жазғы оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар) соңғы үш жылдағы жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарына (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы) жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты беріледі.

№	Аймақ	Барлық түлектер	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Динамика (ақпан айымен салыстырғанда)
1	Абай	4878	223	224	223	-1
2	Ақмола	5147	266	262	244	-18
3	Ақтөбе	9243	524	536	500	-36
4	Алматы обл.	14106	968	991	948	-43
5	Атырау	6050	185	168	160	-8
6	ШҚО	3845	290	287	277	-10
7	Жамбыл	12443	403	403	399	-4
8	Жетісу	6907	365	365	326	-39
9	БҚО	6364	238	240	236	-4
10	Қарағанды	7463	155	152	144	-8
11	Қостанай	4256	146	148	138	-10
12	Қызылорда	8285	720	760	625	-135
13	Маңғыстау	8034	175	176	176	0
14	Павлодар	4339	179	176	173	-3
15	СҚО	3326	91	91	91	0
16	Түркістан	31310	1860	1860	1817	-43
17	Ұлытау	1641	44	40	37	-3
18	Алматы қ.	13161	504	437	431	-6
19	Астана қ.	11133	355	355	317	-38
20	Шымкент қ.	13366	499	525	498	-27
21	Алматы қ. РФММ	274	5	5	4	-1
22	Астана қ. РФММ	112	1	1	1	0
23	"Бөбек"	46	0	0	0	0
24	Абай ат. РМИ	82	8	9	5	-4
25	Қ. Мұнайтасов ат. ОРММИК	72	1	1	1	0
26	НЗМ	2119	70	71	71	0
	ҚР	178002	8275	8283	7842	-441



БҰЙРЫҚ

«14» 05 2024 ЖЫЛ

ПРИКАЗ

№ 63

**Мектеп бітіру кештерін
өткізу туралы**

2023-2024 оқу жылының мектеп бітіру кешін ұйымшылдықпен өткізу, бітірушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, құқық бұзушылықты болдырмау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1.2023-2024 оқу жылының мектеп бітіру кеші ағымдағы жылдың 14 маусым күні өткізілсін.
- 2.Бітіру кешін ұйымдастыруда ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұсынған тұжырымдама басшылыққа алынсын.
- 3.Оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыруға және мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізуге оқушылар мен ата-аналардан, педагогтардан ақша жинауға қатаң тыйым салынсын.
- 4.Мектеп бітіру кешін өткізу барысында бітірушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпсіз жағдай жасалуы қамтамасыз етілсін.
- 5.Бітіру кешін міндетті түрде мектеп қабырғасында және ауласында өткізілсін.
- 6.Шараға бітірушілердің мектеп формасымен қатысуын және барынша қарапайым түрде өткізілуі қамтамасыз етілсін.
- 7.Үйлер мен ресторандарда, басқа да ойын-сауық орындарында мектеп бітіру кешін өткізу және бітірушілердің автокөліктермен кортежге шығуына жол берілмесін.
- 8.Бітірушілердің өмір қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу бағытында медициналық, өрт қызметтері, ішкі істер органдарымен бірлесіп шаралар қабылдансын.
- 9.Мектеп бітіру кешін ұйымдастыру үшін ата-аналардан ақша жинамауды, ата-аналар тарапынан мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар берілуіне жол бермеуді және шаралар мектептің қолда бар мүмкіндігімен ұйымдастырылсын.
- 10.Табиғат аясында серуендеуге, өзен,көлдерге, шағын су алаптарына суға түсуіне тыйым салу және төтенше жағдай бөлімдерімен бірлесіп кезекшілік ұйымдастырылсын.
- 11.Бітірушілер, ата-аналар және педагогтар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесіп белсенді түрде жүргізілсін.
- 12.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры  А.Алимова





БҰЙРЫҚ

« 06 » мамыр 20²⁴ ж.г.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 76/18

город Кызылорда

Орта білім беру ұйымдарында
2023-2024 оқу жылының
аяқталуы мен білім
алушылардың қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау және мектеп бітіру
кештерін өткізу туралы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қызылорда облысының білім басқармасының 2023 жылғы 06 қазанындағы №112-нқ және 2024 жылдың 04 мамырындағы №53-нқ санды бұйрықтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырымен айқындалсын.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

000208

3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

4. 2023 - 2024 оқу жылының мектеп бітіру кештері ағымдағы жылдың 14 маусымы күні сағат 09.00-де өткізілсін.

5. Бітіру кештерін ұйымдастыруда ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұсынған тұжырымдама басшылыққа алынсын.

6. Оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыруға және мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізуге оқушылар мен ата-аналардан, педагогтардан ақша жинауға қатаң тыйым салынсын.

7. Бітіру кештерін ұйымдастыруда мектеп директорларының жауапкершілігі арттырылсын.

8. Мектеп директорлары:

1) мектеп бітіру кештерін өткізу барысында бітірушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпсіз жағдай жасалуын қамтамасыз етсін;

2) бітіру кештерін міндетті түрде мектеп қабырғасында және ауласында өткізсін;

3) шараға бітірушілердің мектеп формасымен қатысуын және барынша қарапайым түрде өткізілуін қамтамасыз етсін;

4) үйлер мен ресторандарда, басқа да ойын-сауық орындарында мектеп бітіру кештерін өткізу және бітірушілердің автокөліктермен кортежге шығуына жол берілмесін;

5) бітірушілердің өмір қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу бағытында медициналық, өрт қызметтері, ішкі істер органдарымен бірлесіп шаралар қабылдасын;

6) мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру үшін ана-аналардан ақша жинамауды, ата-аналар тарапынан мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар берілуіне жол бермеуді және шаралар мектептің қолда бар мүмкіндігімен ұйымдастырылсын;

7) табиғат аясына серуендеуге, өзен, көлдерге, шағын су алаптарына суға түсуіне тыйым салу және төтенше жағдай бөлімдерімен бірлесіп кезекшілік ұйымдастырылсын;

8) бітірушілер, ата-аналар және педагогтар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесіп белсенді түрде жүргізу тапсырылсын.

9. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің бас мамандары Қ.Абдикадиروفқа, С.Кунхожаевқа жүктелсін.

10. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бөлім басшысының міндетін
уақытша атқарушы



Ж. Садвакасова
Ж. Садвакасова

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ «А.БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ №211 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА №211 ИМЕНИ
А.БАЙТҰРСЫНОВА» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

« 15 » 05 2024 жыл

ПРИКАЗ

№ 64

**2023-2024 оқу жылының басталу
және аяқталу мерзімдерін,
сондай-ақ білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс-күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12) -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары-2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) -сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)-2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау) жұмысы -2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс мәтін бойынша тереңдетіп оқытатын мектептерде) 2024 жылғы 6 маусым.

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика)-2024 жылғы 10 маусым;

11 (12) – сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;
- 2) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 31 мамыр
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;
- 4) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым
- 5) Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры _____ Лимова

